


Биология

8 сынып





Сабақтың түрі: қайталау

Сабақтың типі : Өткен материалды пысықтау

Сабақтың әдістері: топтық жұмыс; өзіндік жұмыс; жұптық жұмыс; интерактивті тақтамен жұмыс; дәптермен жұмыс; кітаппен жұмыс; тест жұмысы, бағалау түрлері

Оқыту технологиясы: СТО технологиясы, жаңа форматтағы
7 модуль.

Мотивация: Қайталау сабағы.

Сабақтың көрнекілігі: Биология 8 сынып, таблица

А

Б



« Нұрлы жол - болашаққа бастар жол »



“Біз жалпы ұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын нұрлы жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі”

Н.Ә.Назарбаев.

I. Ұйымдастыру кезеңі. Көңіл - күйді анықтау.



КӨҢІЛ КҮЙІҢ ҚАНДАЙ?



Әр оқушы өзінің көңіл - күйін білдіретін суретті парақшаны көтереді.



СЫНЫПТЫ ТОПҚА БӨЛУ. Үш түсті қағаз қиындылары арқылы топқа бөлу

1 топ

2 топ

3 топ

I топ: «Болашақ»

II топ: «Зейін»

III топ: «Жалын»

“Бағалау” жүйесі

Р/с	Оқушының аты-жөні	Сұрақ жауап	Мылқау сурет	Сәйкестендіру	Биологиялық есеп	Тест тапсырмасы	Биологиялық диктант	Терминдер	Сандар сыры	Шығармашылық тапсырма	Диалог	Ұ	Б

10 - 12 ұпай “5”

7 - 9 ұпай “4”

4 - 6 ұпай “3”

0 – 3 ұпай “2”



“Бағалау тор көзінде”

- 1. “Өзін-өзі бағалау”**
- 2. Жұптық бағалау.**
- 3. Формативті бағалау.**
- 4. Топ басшыларының бағалауы.**
- 5. Критерий бойынша бағалау.**
- 6. Мұғалім бағасы.**

Сабақ кезеңдері:

I. Ұйымдастыру

II. “Сәттілік” баспалдағы. “Ой ашар” Оқушыларға сәттілік тілеу.

III. “Білім” баспалдағы. “Мағынаны таны” сұрақ - жауап

IV. “Сенім” баспалдағы. «Кемпірқосақ» әдісі. “Ой қозғау”

V. Сергіту сәті:

VI. “Талант” баспалдағы. “Қызығушылықты ояту” Топтық жұмыс.

VII. “Болашақ” баспалдағы. «Қайталау – оқу анасы» «Сұрақты ұстап ал»

VIII. Рефлексия “Чемодан, ет тартқыш, себет”

IX. Бағалау

X. Үйге тапсырма.

“Сәттілік” баспалдағы. “Ой ашар”

Оқушылар бір-біріне сәттілік тілейді.



“Білім” баспалдағы.

“Сиқырлы сұрақтар”

I топ

1. Жүрек автоматизмі дегеніміз не?
2. Қан қандай қызметтер атқарады?
3. Организмнің ішкі ортасы.
4. Қан плазмасы деген не?
5. Фибриноген дегеніміз не?



II топ:

1. Жүректі қандай ұлпалар құрайды?
2. Қан айналысының үлкен шеңбері қайдан басталады?
3. Артериялық қысым деген не?
4. Жүрек неше бөліктен тұрады?
5. Жүрек қабығы жүрек үшін қандай қызмет атқарады?

III топ:


1. Эритроциттер қандай қызмет атқарады?
2. Гемофилия ауруы қалай сипатталады?
3. Жүрек жұмысының үш кезеңін ата?
4. Қан айналысының кіші шеңбері қайдан басталады?
5. Қанның тамырларда қозғалу себептері неде?

«Сенім баспалдағы» «Ой қозғау»

«Кемпірқосақ» әдісі




№1. Қызыл түс тапсырмасы «Мылқау суреті»



1. Төменгі қуыс вена
2. Бұлшық ет
3. Май ұлпасы
4. Оң жақ қарынша
5. Өкпе артериясының айшықты қақпақшасы
6. Оң жақ жүрекше
7. Жоғарғы қуыс вена
8. Қолқа
9. Өкпе артериясының тармағы
10. Сол жақ жүрекше
11. Өкпе венасының тармақтары
12. Қолқа қақпақшасы
13. Қос жақтаулы қақпақша
14. Сол жақ қарынша
15. Қалқа
16. Сіңір жіпшелері
17. Үш жақтаулы қақпақша

«Мылқау сурет»



- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.
- 8.
- 9.
- 10.
- 11.
- 12.
- 13.
- 14.
- 15.
- 16.
- 17.
- 18.

№2. ҚЫЗҒЫЛТ ТҮС. *Сәйкес сөздерді табу.*

Жұптық жұмыс (әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады)

1.Қан

2.Эритроциттер

3.Лейкоциттер

4.Тромбоциттер

5.Гематолог

6.Гемофилия

7.Гемоглобин

8.Фагоциттер

Глобулин

Оттекті тасымалдайды

Қан ұйымайтын ауру

Қанның қызыл түсті жасушалары

Ақ түсті ядролы жасушалар

Организмнің айнасы

Қан ауруын емдейтін дәрігер

Плазмадағы нәруыз

Қанның ұйығыштығын қамтамасыз ететін жасушалар 9.

Обыр жасушалар



Сәйкестендіру

- | | |
|-----------------------|---|
| 1.Қан | <i>Оттекті тасымалдайды</i> |
| 2.Эритроциттер | <i>Қан ұйымайтын ауру</i> |
| 3.Лейкоциттер | <i>Қанның қызыл түсті жасушалары</i> |
| 4.Трамбоциттер | <i>Ақ түсті ядролы жасушалар</i> |
| 5.Гематолог | <i>Организмнің айнасы</i> |
| 6.Гемофилия | <i>Қан ауруын емдейтін дәрігер</i> |
| 7.Гемоглобин | <i>Плазмадағы нәруыз</i> |
| 8.Фагоциттер | <i>Қанның ұйығыштығын қамтамасыз ететін жасушалар</i> |
| Глобулин | <i>Обыр жасушалар</i> |

№3. Сары түс Биологиялық есеп. (әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады)

№1.Адамның жүрегі минутына 60-70 рет жиырылады. Бұл уақытта жүрек өзінен 4 литрден астам қанды айдайды. Жүрек арқылы тәулігіне қанша литр қан өтетінін есептеп шығар.

№2.Адам ағзасындағы қан мөлшерін анықтау. Қанның меншікті салмағы $1,06 \text{ г/см}^3$, қанның мөлшеріне дене салмағының 7% сай келеді. Адамның салмағы -60 кг.

№3.Адамның салмағы 47 кг болатын адам ағзасында қанша литр қан бар екенін есептеңіз (мұнда қанның мөлшеріне дене салмағының 7% -ы сай келеді және қанның меншікті салмағы г/см^3 – ке тең деп есептеңіз)

№4. Жасыл түс. Тест жұмысы

(әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады)

1. Қан қандай ұлпа?

а) дәнекер б) бұлшық ет в) жабын

2. Плазманың құрамында неше пайыз су болады?

А) 80% б) 70 - 72% в) 90 - 92%

3. Тромбоциттің 1 мм³ қандағы мөлшері?

А) 500 мың б) 180 - 350 мың в) 400 - 450 мың

4. Қан ауруын зерттейтін ғылым?

А) кардиолог б) гематология в) мамалогия

5. Эритроциттер қайда түзіледі?

А) сүйек кемігінде б) көк бауырда в) бауырда

6. Қанға қызыл түс беретін нәруыз

А) қан плазмасы б) нейтрофильдер в) гемоглабин

7. Микробтарды ерітетін обыр жасушалар

А) фагоциттер б) нейрондар в) лимфоциттер

8. Қан пластинкасы

А) лейкоциттер б) лимфоциттер в) тромбоциттер

9. Адамда болатын қан топтарының саны

А) бес б) үш в) төрт

10. Қанды жүректен мүшелер мен ұлпаларға тарататын қантамырлар тобы:

А) вена б) артерия в) капилляр

Тест жұмысы

(әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады)

1. Қан қандай ұлпа?

а) дәнекер б) бұлшық ет в) жабын

2. Плазманың құрамында неше пайыз су болады?

А) 80% б) 70 - 72% в) 90 - 92 %

3. Тромбоциттің 1 мм³ қандағы мөлшері?

А) 500 мың б) 180 - 350 мың в) 400 - 450 мың

4. Қан ауруын зерттейтін ғылым?

А) кардиолог б) гематология в) мамалогия

5. Эритроциттер қайда түзіледі?

А) сүйек кемігінде б) көк бауырда в) бауырда

6. Қанға қызыл түс беретін нәруыз

А) қан плазмасы б) нейтрофильдер в) гемоглабин

7. Микробтарды ерітетін обыр жасушалар

А) фагоциттер б) нейрондар в) лимфоциттер

8. Қан пластинкасы

А) лейкоциттер б) лимфоциттер в) тромбоциттер

9. Адамда болатын қан топтарының саны

А) бес б) үш в) төрт

10. Қанды жүректен мүшелер мен ұлпаларға тарататын қантамырлар тобы:

А) вена б) артерия в) капилляр

№5. Көгілдір түс. *Биологиялық диктант*

Ағзаның ішкі ортасы деп *қан, лимфа, ұлпа сұйықтықтарын* айтады. Қан - ағзадағы *дәнекер* ұлпаның бір түрі. Қанның құрамы плазмадан және оның ішінде қалқып жүретін *қан жасушаларынан* тұрады. Қандағы ерітінді күйіндегі нәруыз талшығы ерімейтін *фибрин* талшығына айналады. Фибрин талшығына эритроциттер шырмалады да, іркілдек зат – *қанұйық* түзеді. Қан жасушаларына жатады *лейкоцит, эритроцит, тромбоцит* жатады.

№ 6. Көк түс . Терминдер кабинеті

Донор – қан беретін адам

Реципиент – қан алатын адам

Эритроцит – қызыл түсті жасушалар

Фибрин – плазманың ерімейтін нәруызы

Лейкоцит – ақ қан жасушалары

Плазма – қанның 50- 60% құрайтын, мөлдір түссіз сұйықтық

Иммунитет – организмнің ауру қоздыруына қарсы тұру қабілеті

Резус - фактор – ерекше нәруыздық зат

Кардиолог – жүрек ауруын емдейтін дәрігер

Эпикард – жүректің сыртқы қабаты

Агглютинация – эритроциттердің бірігіп қалуы

Тонометр - қан қысымын өлшейтін құрал

Эндокард – жүректің ішкі қабаты

Миокард – ортаңғы бұлшық ет қабаты

Глобулиндер - ағзаны бактериялардан қорғауға қатысады

№7 Алқызыл түс. «Сиқырлы сандар»

120/80 - Адамның қалыпты қан қысымы

25 триллион - Адам ағзасында кездесетін эритроцит

1-2-3-4 топ - Қан топтары

60 - 70 рет - Жүректің 1 минутта жиырылуы

1967 жыл - Алғаш рет қан құю жұмысы жүрді

120 күн - Эритроциттердің тіршілік ұзақтығы

180- 350 мың - 1мм^3 қанда болатын тромбоцит

4,5- 5 млн - 1мм^3 қанда кездесетін эритроцит

6- 8 мың - 1мм^3 қанда болатын лейкоцит

3 қабатты - Жүрек

250-300г - Жүректің салмағы



Сергіту сәті



“Талант” баспалдағы. “Қызығушылықты ояту” Топтық жұмыс

Шығармашылық жұмыс

I топ: «Адам денсаулығын жақсартудағы біздің қосар үлесіміз» постер қорғау.


II топ: «Адам денсаулығын жақсартудағы біздің қосар үлесіміз» эссе жазу.

III топ: «Адам денсаулығын жақсартудағы біздің қосар үлесіміз» жарнама.



VI. “Зейін” баспалдағы “Миға шабуыл”

Биолог ғалымдардың суреттері ашқан жаңалықтары



В.Н.Шамов

Жан Батист Дени
К. Ландштейнер



“Болашақ” баспалдағы «Қайталау – оқу анасы»

«Сұрақты ұстап ал» Кері байланыс.
(әр дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады)

Бағалау.

**Рефлексия. «Чемодан, ет тартқыш, себет»
әдісі.**

Үйге тапсырма. §1-.

Қайталау: §14-16



Назарларыңызға
рахмет!

